

## Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасы туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2004 жылғы 27 тамыздағы № 5-5 Шешімі. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2004 жылғы 28 қазанды 1475 нөмірімен тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасы бекітілсін (қоса беріледі).

2. Бағдарламаның орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың жастар, отбасы және әйелдер ісі, мүгедектер мен тұрғындардың тұрмысы төмен бөлігін әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Облыстық мәслихат*

*Облыстық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*хатшысы*

*Е.СОЛТЫБАЕВ*

*Ә.Әсілбеков*

Облыстық

мәслихаттың

2004

жылғы

27

тамыздағы

"Жамбыл

облысының

2005-2007

жылдарға

арналған

ана

мен

баланы

корғау

Бағдарламасы

туралы

N № 5 - 5

ш е ш і м і м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға**

**арналған ана мен баланы қорғау**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарламаның мазмұны

# 1 .      Бағдарламаның паспорты

## 2. Кіріспе

3. Облыста ана мен баланы қорғаудың қазіргі таңдағы жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен жүзеге асыру тетіктері
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер
8. Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау

Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына халқына Жолдауынан туындаған, оның 2004 жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен мәжілісінде берген тапсырмалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 шілдедегі "Аймақтарда әлеуметтік саланы дамыту мәселелері туралы" мәжілісіндегі тапсырмалары
Негізгі әзірлеушілер	Облыс Әкімінің денсаулық сактау, білім, спорт және туризм, еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармалары, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, отбасы және әйелдер ісі жөніндегі облыс әкімияты жаңындағы комиссиялар
Мақсаты	Бағдарламаның негізгі мақсаты мыналар болып табылады: ана мен бала өмірін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, салааралық ынтымақтастық арқылы сапалы медициналық көмек алу үшін жағдайлар жасау, ана мен нәресте өлімін төмендету, облыстағы туу жасындағы әйелдер денсаулығы индексін арттыру, шығармашылық, рухани және дene мүмкіндіктерін дамыту жолымен жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау, жетім балаларға, мүгедек, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен отбасылардың және көп балалы отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету, кәмелетке толмағандар арасындағы тәртіп бұзушылықтың, қаңғыбастық пен қадағалаусызықтың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстарды жандандыру
Міндеттері	Жүзеге асыру тетіктерін жасау мәселелері бойынша облыстық деңгейде мұдделі басқармалар және ведомстволардың нақты іс-шаралар жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусызы және панасыз қалуын алдын алу туралы" Заңын түсіндіру және облыстың жалпы білім беретін мектептерінің окушылары, ата-аналар арасында жаппай құқықтық білім беру жөнінде жоспарлы ақпараттық-насихат жұмыстарын үйімдастыру
Жүзеге асыру тетіктері	Аналар мен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуді, олардың заңды құқықтары мен мұдделерін қорғауды, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балаларға тәлім-тәрбие беруді реттейтін облыс әкімиятының қаулыларын, облыс Әкімінің шешімдерін дайындау
Каржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны каржыландыруды қамтамасыз ету жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қаржылар есебінен жүзеге асырылады. Барлығы: 1058,6 млн. теңге

Күтілетін нәтижелер	Бағдарламаны жүзеге асыру тек ана мен баланың ғана емес, сонымен қатар барлық тұрғындардың денсаулығын жақсартуға, сонымен бірге аймақтың дамуына, халықтың әл-аукатын арттыруға ықпал етеді. Денсаулық сақтау саласын халықаралық стандарттарға, емдеудің жаға технологиялары мен әдіс-тәсілдеріне жүйелі түрде көшудің басы. Оқушылардың білім алуы мен тәрбиесі, балалардың жеке тұлға ретінде толық қалыптасуы, кәмелетке толмағандар мен әйелдердің құқықтарын қорғау үшін жағдайлар туғызыу және жақсарту
Жүзеге асыру мерзімі	2005-2007 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы егемендік алған күннен бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының және көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болуы, оның халықаралық қауымдастыққа толық құқылы мүше болуына мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан - 2030" ұзақ мерзімді даму стратегиясында, Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың денсаулығы мен салауаттылығы негізгі ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі ретінде белгіленген.

Халық денсаулығының жағдайы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің, экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік өмірінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Облыс халқының үштен екі бөлігін 18 жасқа дейінгі балалар мен бала босану жасындағы әйелдер құрайды. Ұлттың денсаулығы мәселесінің өзекті және маңызды екенін ескере отырып, ана мен бала денсаулығын қорғау мемлекеттің, денсаулық сақтау органдарының жүртшылықтың басты назарында болуы тиіс.

Бала туу көрсеткіштерінің жақсара түсуімен, табиғи өсімнің жақсаруымен, тиісінше тұрғындар санының арта түсуімен демографиялық ахуалдың нақты ілгерілгендігі байқалады.

Соңғы жылдары облыстың денсаулық сақтау жүйесінде емдеу-алдың алу ұйымдарының желісі дамып, жетілдірілуде, жаңадан селолық ауруханалар, отбасылық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер қалпына келтіріліп, ашылды.

Алайда, өткен жылдары облыстың денсаулық сақтау саласының сапалық жоғары деңгейге көтерілгеніне халық денсаулығы ахуалындағы онды үрдістерге қарамастан, халықтың денсаулығын қорғау саласында елеулі проблемалар сол күйінде қалып отыр. Әлеуметтік маңызы бар аурулардың: туберкулез, онкологиялық аурулар, диабет, маскунемдік, нашақорлық, АҚТК/ЖҚТБ, жүйке ауруларының өсім қарқыны байқалады.

Ұлттың тектік қорын жақсартуға қол жеткізу үшін аналар мен балалардың денсаулығын қорғауды жақсарту жөнінде нақты шаралар қабылдау қажеттігі туындал отыр.

Аналар мен балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда, салауатты өмір салтын қалыптастыруды дәне тәрбиесі мен спорт ерекше орын алады. Облыста жыл сайын бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу және оған түрғындардың қатысуы арта түсүде. Егер 2001 жылы дәне тәрбиесі және спортпен 46242 адам шүғылданса, қазіргі таңда олардың саны 323123 адамға артып отыр. Яғни, олардың саны облыс түрғындарына шаққанда 7 есеге немесе 32,8 пайызға артқан.

Осыған қарамастан бұл бағыттағы жұмыс әлі де жандандыра түсуді қажет етеді. Мұндағы басты проблемалар - дәне тәрбиесі және спорт мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын нығайту, тұрмысы тәмен отбасылардан шыққан балаларға тиісті жағдайлар жасау қажеттілігі.

Балаларға білім және тәрбие беру, білім алуына тең қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, олардың, әсіресе тұрмысы тәмен отбасылардан шыққан, жетімдер мен мүгедек балалардың құқығын қорғау, маңызды проблемалардың бірі болып табылады.

Облыста жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында біршама ілгерілеушілік байқалады. 2004 жылдың 1 жартыжылдығында кәмелетке толмағандар арасында 82 қылмыс тіркелген, ал өткен жылдың осы мерзімінде бұл көрсеткіш 124 құраган, яғни 33,9 пайызға тәмендеп отыр.

Облыстың білім беру мекемелерінде тұрақты тұрде адамгершілік және құқықтық мәдениет тақырыптарына конференциялар, семинарлар, сондай-ақ "дөңгелек үстел" кездесулері өткізіліп тұрады. Бұл жұмыстардың барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен көрініс табуда.

Осыған қарамастан кәмелетке толмағандар арасында құқықтық білім деңгейі тәмен күйінде қалуда, мұның өзі балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстық іс-әрекеттердің арта түсүінің себептерінің бірі болып отыр.

"Жамбыл облысындағы 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау" бағдарламасы ел Президентінің 2004 жылдың 19 наурызында аналар мен балалар қызметінің басымдылығы мәселесі бойынша кеңейтілген мәжілісінде берген тапсырмаларына сәйкес жасалып отыр.

### **3. Облыста аналар мен балаларды қорғаудың қазіргі таңдағы жай-күйін талдау**

Сонғы жылдары әлеуметтік-экономикалық онды өзгерістердің орын алуына орай Жамбыл облысында бала түсінде (2002 жылы - 16,4,

2003 жылы - 19,6), сондай-ақ тұрғындардың табиғи өсімі де артуда (2002 жылы - 7,8, 2003 жылы - 10,6). Ана мен бала өлімінің көрсеткіші де төмендеп отыр. 2003 жылы жаңадан туған 100 мың нәрестеге шаққанда аналар өлімі 2002 жылғы 50,5 орнына 41,5 құрады. Алайда, бұл көрсеткіштердің төмендеуіне қарамастан Қазақстанның жекелеген аймақтарымен салыстырғанда бұл көрсеткіш жоғары болып қалуда.

Соңғы 10 жылда нәрестелер өлімінің көрсеткіші жылдан жылға төмендеп келеді, егер 1993 жылы бұл көрсеткіш 31,8 промилле болса, 2003 жылы - 15,6 промилле болды. Республика қолемінде бұл көрсеткіш 2003 жылы - 14,6 промиллені құрады. Аталған көрсеткішті басқа мемлекеттермен салыстырғанда: Тәжікстанда - 27,2 промилле, Өзбекстанда - 18,3 промилле, Қыргызстанда - 21,7 промилле құрап, оларда бізден әлде қайда жоғары екендігі көрініп тұр. Нәрестелер өлімі көрсеткішін дамыған мемлекеттермен салыстыратын болсақ біздің облысымызда ол өте жоғары. Жапонияда бұл көрсеткіш - 6,4 промилле, Францияда - 7,2 промилле, Германияда - 6,8 промиллені құрап отыр.

Ана өлімінің көрсеткіші де жылдан жылға төмендеп келеді. Соған қарамастан бұл көрсеткіш басқа мемлекеттермен салыстырғанда әлі де жоғары. Өзбекстанда бұл көрсеткіш 33,5 промилле, Қыргызстанда 46,1 промилле, ал дамыған мемлекеттерде ана өлімінің көрсеткіші өте төмен.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру жақсара түсude. 2004 жылы облыстың денсаулық сақтау саласына бюджетте 6078967,0 мың теңге қарастырылған, бұл 2003 жылға қарағанда 1179801 теңгеге артық. Ана мен баланы қорғау қызметтерінің материалдық-техникалық базасы да нығая түсude. Оларды автокөлікпен және жабдықтармен жарақтандыру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. 2004 жылы Жамбыл және Т.Рысқұлов аудандарында 2 перзентхананы іске қосу көзделуде.

Әлі де болса салмағы төмен, тұа біткен кемістіктермен туылатын балалар саны жоғары болуда, мұның өзі аналар мен олардың дүниеге келетін сәбилерінің денсаулықтарының төмендеуі артып отырғанын көрсетеді.

Облыста бала тууга қабілетті әйелдер денсаулығының көрсеткіші төмен болып отыр, ол бар болғаны 18-20 пайызды құрауда, ал ауа-райы қолайсыз аудандарда (Сарысу, Талас, Мойынқұм) бұл көрсеткіш 10 пайызға дейін. Әйелдер ауруларының арасында әлеуметтік маңызы бар аурулар жоғары болуда. Сондай-ақ, түсік жасату өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Облыста тамақтануға және заттардың алмасуына қатысты, сондай-ақ тұа біткен ауруларға байланысты аурушаңдық та орын алуда.

Селолық жерлерде балалардың 80 пайызы ерте жастан қан аздығымен, рахитпен ауырады, психикалық және дамуы кешеуілдеуде. Жастардың

көпшілігі өз денсаулықтарының дұрыс болмауы салдарынан әскери міндеттерін атқара алмауда.

Балалар арасында аурушаңдық арта түсүде. Соңғы кездері облыста балалар арасында аурудың созылмалы түрлері көбеюде. Мәселен, аурудың осындай созылмалы түрлері мектеп жасына дейінгі балалардың 20 пайзызында, ал оқушылардың 50 пайзызында кездесіп отыр. Сол сияқты, көз, құлақ және ауыз қуысы аурулары да арта түсүде.

Жыл сайын 20 мыңға жуық балалар диспансерлік есепке алынады, солардың тек 5-6 пайзызы ғана сауықтыру-емдеу мекемелерінде ем қабылдайды.

Жыл сайын мүгедек балалар саны арта түсүде, бүгінгі таңда олардың жалпы саны 3 мыңға жуық. Оларды оңалту және белсенді өмір сүруге қалыптастыру сұрақтары айрықша көңіл бөлуді қажет етіп отыр.

Жабдықтар сатып алу жеткілікті деңгейде қаржыландырылмағандықтан және материалдық-техникалық базаларды жөндеу жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмеуі салдарынан ана мен баланы қорғау үйымдары тиісті санитарлық талаптарға сай болмауда, сол себепті олар қаржылай қолдауды жақсартуды қажет етіп отыр. Мұның өзі балалар және тууга қабілетті аналармен жұмыс істеу барысындағы іс-әрекеттерге, ең бастысы емдеу-диагностикалық көмек көрсету сапасына кері әсерін тигізуде.

Облыста жедел медициналық көмек көрсетуге мамандандырылған бригада, санитарлық авиация қызметтері тоқыраған.

Тұрғындарға жоғары дәрежедегі медициналық көмек көрсетуді жетілдіретін уақыт келді, оның ішінде жүкті және босанатын әйелдерге жәрдем көрсету үшін санитарлық авиацияны қалпына келтіру қажет, әсіресе шалғай орналасқан аудандарға (Мойынқұм, Сарысу, Талас, Кордай, Шу) қызмет көрсету үшін.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Жолдауындағы денсаулық саласын жақсарту арқасында сәбілердің тууының есімі мен өлімін азайту жайлы тапсырмасын, сондай-ақ облыстағы көп балалы аналардың еліміздегі барлық әйелдерге арналған осы Жолдауды қолдау жөніндегі үндеуін жүзеге асыру мақсатында облыс бюджетінен 4 және одан көп бала түған әйелдерге қосымша жәрдемақы тағайындау қажет, бұл облыстағы демографиялық ахуалды жақсартуға өз үлесін қосатын болады.

Облыста балалар мен аналарға санаторлық және сауықтыру қызметтерін көрсету күрделі күйінде қалуда. Облыста сал және жүйке ауруларына шалдыққан балаларды емдеу мақсатында облыстық бюджеттен қаржыландырылатын сауықтыру орталығын ашу қажет.

Денсаулық сақтау және білім органдары арасындағы үйлестіру жұмыстарының өз деңгейінде болмауы салдарынан балаларды медициналық жағынан қамтамасыз ету нашарлады.

Санаторлық-сауықтыру ұйымдарында жұмыс істейтін мектептердің қанағаттанарлықсыз деңгейде болуы алаңдатушылық туғызуда, ең алдымен олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы, әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиісті деңгейде емес.

Тастанды балалар саны арта түсіде, бұл балалар үйлері жүйесін дамытуды талап етуде, осының салдарынан тастанды балалардың стационарлық емдеу орындарында ұзак уақыт болып, бұл олардың психикалық және дene жағынан кешеуілдеп дамуына әсер етеді.

Бүгінгі таңда облыста 2682 жетім және ата-аналардың қарауынсыз қалған балалар бар. Бұлардың арасында қазіргі уақытта 3 балалар үйінде және 1 мектеп-интернатта 826 бала тәрбиеленіп жатыр.

Жетім балаларды және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларды дер кезінде есепке алып, тиісті мекемелерге орналастыру үшін қалалық және аудандық білім басқармаларында балалардың құқығын қорғау жөніндегі мамандарды штаттық кестеге енгізу қажет.

Салауатты өмір салтын насиҳаттауды жандандыру мақсатында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды кеңінен қамти отырып, бұқаралық спорт және туристік іс-шараларды одан әрі жалғастыру керек. Тұрғындардың, соның ішінде балалар мен жасөспірімдердің дene тәрбиесімен жаттығуға деген мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында тиісті объектілер мен оқу орындарын спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған спорт объектілерінің материалдық-техникалық базаларын нығайта отырып, тұрғылықты жерлер бойынша ойын аландарын қалпына келтіріп, аула клубтарын құру керек.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты ана мен баланың денсаулығын қорғау, олардың өмірін жақсарту; құқықтарын қорғау; аналар мен балалар арасындағы аурушаңдықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдер арасында нашақорлықтың, уытқұмарлықтың және темекі тартудың алдын алу, мамандандырылған медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту; аналар мен балаларға санаторлық және сауықтыру қызметтерін көрсету; балалар және перзентханалардың материалдық-техникалық базаларын жақсарту.

Негізгі міндеттерге мыналар жатады:

1) Облыста нарықтық қатынастар жағдайында аналар мен балалардың денсаулығын қорғау мәселесіне қатысты шаралар мен тетіктерді іске қосу.

2) Балалар мекемелері мен перзентханаларды қазіргі заманғы медициналық күрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді жақсарту.

3) Медициналық қызметкерлердің біліктілігін диплом алдындағы және диплом қорғау кезіндегі даярлықтарына орай шеберліктерін арттыру.

4) Оқушылардың денсаулықтарын сақтау және қорғау мақсатында оқу-практикалық сабактардың әдіс-тәсілдерін жетілдіру.

5) Жетім балаларды және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды қолдау жөнінде іс-шаралар әзірлеу және оны іске асыру.

6) Кәмелетке толмағандарға құқықтық, адамгершілік тәрбие беру әрі олардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

7) Жүзеге асыру тетіктерін жасау мәселелері бойынша облыстық деңгейде мұдделі басқармалар және ведомстволардың нақты іс-шаралар жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын алу туралы"»Заңын түсіндіру және облыстың жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары, ата-аналар арасында жаппай құқықтық білім беру жөнінде жоспарлы ақпараттық-насихат жұмыстарын ұйымдастыру.

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен жүзеге асыру тетіктері**

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін көзделген іс-шараларды кезең-кезеңмен жүзеге асырудың жоспары жасалынған. Көзделген іс-шараларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының қызметтерін үйлестіру қажет.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары және басым бағыттары мыналар болып табылады:

1) Аналар мен балалар денсаулығын нығайтуға, емдеу-диагностикалық көмек сапасын жақсартуға бағытталған облыс әкімиятының қаулылары мен облыс Әкімінің шешімдерін дайындау.

2) Денсаулық сақтау саласында балалар және бала босандыру қызметіне баса көніл бөлу.

3) Ана мен бала денсаулығын қорғау ісінде Бағдарламадағы басты мақсаттарды шешу барысында салааралық мәселелерді жүзеге асыру.

4) Аналар мен балалардың алғашқы және мамандандырылған медициналық көмек алуына қол жетімділігін қамтамасыз ету.

5) Балаларды, жүкті әйелдерді, тұрмысы төмен және көп балалы аналарды азық-түлікпен атаулы қамтамасыз ету.

6) Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, мектеп ұжымдарындағы және интернат ұжымдарындағы балалардың медициналық жағынан қамтамасыз етілуін жетілдіру.

7) Аналар мен балаларды дер кезінде емдеу және сауықтыру.

8) Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар мен аналарды атаулы сауықтыру.

9) Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша отбасылар мен қоғамның білімін тереңдету, ананың қауіпсіздігін қорғау, балалар арасындағы аурудың алдын алу.

10) Мектепке дейінгі және мектептегі тәрбие беру жүйесінде валеология негіздерін оқыту.

11) Аталған Бағдарламада көзделген нақты міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жергілікті билік, мемлекеттік, мемлекеттік емес және халықаралық ұжымдар арасында өзара байланыс орнату.

12) Аналар мен балалар денсаулығын қорғау бағытындағы мәселелерді шешу мақсатында тұрғындарды және қоғамдық ұжымдарды кеңінен қамту.

13) Балалардың құқығын қорғау мәселелерін шешуді тереңірек және жүйелі түрде қамтамасыз ету.

14) Облыстың, әсіресе шалғай аудандардың тұрғындарына медициналық қызмет көрсету үшін санитарлық авиацияны қалпына келтіру.

## **6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері**

2005-2007 жылдары Бағдарлама жергілікті бюджеттердің қаржыларымен жүзеге асырылады.

"Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау" Бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті қосымша қаржылай шығындар (млн. теңгеде)

Ж ы л д а р	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	Барлығы
Бюджет түрі				
Облыс Әкімінің денсаулық сактау басқармасы бойынша	269,9	274,5	299,2	843,6
Облыс Әкімінің білім басқармасы бойынша	30,0	35,0	45,0	110,0
Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бойынша	30,0	35,0	40,0	105,0
Барлығы	329,9	344,5	384,2	1058,6

2004 жылы облыс бойынша аналар мен балаларды қорғауға 1247254 мың теңге болінді.

2005-2007 жылдары іс-шараларды жүзеге асыру барысындағы бюджеттік қорлар көлемі тиісті қаржылық жылды жоспарлау барысында нақтыланады.

## **7. Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде аналар мен балаларды қорғаудың жүйелі желісі қалыптасады әрі ол орталықтандырылған қаржы арқылы шешіледі.

Аналар мен балаларды қорғау проблемасы мынадай мақсаттарды көздейді:

- 1) Аналар мен балалар арасындағы аурушандықты азайту, балалардың психикалық жағынан дамуын жақсарту, тұрғындар денсаулығын нығайту.
- 2) Аналар, балалар мен сәбілер өлімінің денгейін кеміту.
- 3) Аналар мен балаларға медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету және сапасын жақсарту.
- 4) Облыста аналар мен балаларға мамандандырылған медициналық көмек қызметін дамыту.
- 5) Балалар мугедектігін төмендетуге жағдайлар жасау.
- 6) Балалар мен аналарға санаторлық және оңалту көмектерін арттыру
- 7) Акушер-гинекологтардың, педиатрлардың, жалпы практика дәрігерлерінің, басқа да мамандық дәрігерлерінің біліктілігін аналар мен балаларды емдеу ісінде жаңа үлгідегі тиімді әрі шығыны аз болатын алыс және жақын шет елдер тәжірибелерін пайдалана отырып арттыру.
- 8) Облыстық перинаталдық орталықта жүкті әйелдерге арнап 40 төсектік бөлімше, қалалық перзентханада 20, облыстық ауруханада 20 төсектік бөлімше ашу.
- 9) Облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын постгепатиттік санаторий негізінде жүйке және сал ауруларына шалдықкан балалар үшін 40 төсектік оңалту орталығын ашу.
- 10) Қалалық аумақтық емханаларды, орталық аудандық ауруханалардың перзентханаларын, аудандардың консультативтік емханаларын қосымша бүгінгі үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз ету.
- 11) Перзентханаларды, облыстық перинаталдық орталықты, қалалық перзентханалар мен балалар мекемелерін (облыстық балалар ауруханасы, облыстық жүқпалы балалар ауруханасы, қалалық балалар ауруханасы) аудандық ауруханалардың балалар бөлімшелерін қазіргі үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз ету.

12) Кәмелетке толмағандардың денсаулығын қорғау және олардың заңды құқықтарын тиімді іске асыру, өмір сүру, тәрбие, білім және еңбек, демалыс жағдайларын жақсарту, балалар мен жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру.

13) Жетім балаларды, мүгедектерді, ата-ананың қарауынсыз қалған, түрмисы тәмен және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік жағынан қорғау.

## **8. Жамбыл облысының 2005-2007 жылдарға арналған ана мен баланы қорғау Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Iс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзі
1	2	3	4	5
<b>1. Ана мен баланың денсаулығын қорғау жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар</b>				
1	Педиатрлардың, неонатологтардың, акушер-гинекологтардың, терапевтердің және басқаларының алыс және жақын шет елдерде біліктілігін арттыру	Біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандары артқы 2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы
2	Жоғары оқу орындарының түлектерін келісім-шарт негізінде тарту арқылы медициналық кадрлармен қамтамасыз ету, оларды материалдық жағынан ынталандыру	Облыс әкімиятына ақпарат	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жыл - 3-4 тоқсан 2006 жыл - 3-4 тоқсан 2007 жыл - 3-4 тоқсан
3	Аудан емханаларында және Тараз қаласының 10 мектебінде окушылардың тістерін уақтылы санациялау үшін балалар стоматологының кабинетін ашу	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының, облыс Әкімінің білім басқармасының бүйрүктары	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жыл - 4 тоқсан 2006 жыл - 3 тоқсан 2007 жыл - 3 тоқсан
4	Онды Манту реакциясы бар туберкулез ауруына шалдықкан балаларды тексеруге қаржы болу. Рентген аппаратын алу	Облыс Әкімінің д е н с а у - л ы қ сақтау басқармасының бүйрүгі	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жыл - 3-4 тоқсан 2006 жыл - 3-4 тоқсан 2007 жыл - 3-4 тоқсан
5	Жалпы білім беретін мектептердің медициналық	Облыс Әкімі д е н с ау - л ы қ		2005 жылдың тоқсандары артқы

кабинеттерін қажетті құрал-жабдықтармен камтамасыз ету	сақтау басқармасының бүйрығы және облыс Әкімі білім басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы
--	---	---	---

2. Экология және аналар мен балалардың денсаулығы

6	Экологиялық ахуалдың түрғындарға, оның ішінде аналар мен балаларға әсері жөнінде кеңінен түсінік жұмыстарын жүргізу	Жоспарға сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы, бұқаралық ақпарат құралдары	2005 жылдың тоқсандары артқы 2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы
7	Жұкті әйелдерге және қаны аз балаларға, сондай-ақ йод жетіспейтін ауруларға қаржы бөлу	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандары артқы 2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы

3. Балалар мен аналарды тамактандыру

8	Емшекпен емізу жөніндегі ДДСҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) бағдарламасын енгізуі жалғастыру	Жоспарға сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жыл - 3 тоқсан 2006 жыл - 3 тоқсан 2007 жыл - 3 тоқсан
9	Облыстық перинаталдық орталықтың "Аналар қауіпсіздігі" бөлімі негізінде емшекпен емізу мәселелері бойынша дәрігерлердің және орта медицина қызметкерлерінің оқуын ұйымдастыру	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың тоқсандары артқы 2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы
10	Нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің педиатрларға, акушер-гинекологтарға, неанатологтарға бүйрыктар жинағын, жұкті әйелдерге және емшекпен емізіп жүрген әйелдерге арнап емшекпен емізу туралы дидактикалық материал, Жамбыл медициналық колледжі оқушылары үшін сәйкестендірілген оқу материалын шығару	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жыл- 2 тоқсан 2006 жыл- 1 тоқсан 2007 жыл - 3 тоқсан
11	Жамбыл медициналық колледжі негізінде орта	Біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жыл - 2 тоқсан 2006 жыл - 1 тоқсан

	медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру			2007 жыл - 3 тоқсан
12	Диспансерлік есепте тұрган 3 жасқа дейінгі балаларды арнайы емдік тамақпен қамтамасыз ету	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында

4. Аналар мен балалар денсаулығын қорғау жөніндегі профилактикалық жұмыс

13	Әйелдер және балалардың скринингтік профилактикалық байқаудан кезең-кезеңімен өткізуі енгізу	Жоспарға сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
14	Жиі кездесетін және туа біткен ауруларға (гипотиреоза, фенилкетонурии). скрининг-диагностикалық тексеру жүргізу және медициналық-генетикалық орталықтарда мәліметтер жиынтығын жасау	Жоспарға сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
15	Облыстық балалар ауруханасынан және облыстық перинаталдық орталықтың жаңынан әйелдер мен балаларға кеңес беретін кураторлық жұмысты жетілдіру	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
16	Тұрмысы тәмен отбасылардан шықкан тууга қабілетті әйелдерді контрацептивтермен қамтамасыз ету	Тізімге сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
17	Жұкті әйелдердің босанар алдында тістерін емдеуді күшету, стоматологиялық ауруларын, мектеп жасындағы балалардың лор-патологияларын алдын алуды үйимдастыру	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасының бүйрықтары	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
18	Ана және баланың денсаулығының мәселелері бойынша облыстық теледидарда, радио мен ақпарат құралдарында жүйелі түрде жарияланымдар үйимдастыру	Кесте бойынша	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, бұкараталық ақпарат құралдары	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында

19	Тұрғындардың осал топтарының арасында вирустық "А" гепатитіне қарсы иммунизация жүргізу	Облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасының және облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бүйрықтары	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres аралығында 2006 жылдың тоқсандаres аралығында 2007 жылдың тоқсандаres аралығында
20	Тұрғындардың осал топтары арасында тұмауға қарсы иммунизация жүргізу	Облыс Әкімі денсаулық сақтау басқармасының және облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бүйрықтары	Облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жыл - 3 - тоқсан 2006 жыл - 3 - тоқсан 2007 жыл - 3 - тоқсан
21	Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды қамти отырып спорт түрлері бойынша бұқаралық спорт шараларын өткізу	Кесте бойынша	Облыс Әкімінің спорт және туризм басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres аралығында 2006 жылдың тоқсандаres аралығында 2007 жылдың тоқсандаres аралығында

5.Аналар мен балаларға медицина көмегін жетілдіру

22	Жұкті және босанатын әйелдерге шұғыл жоғары дәрежелі көмек көрсетуді жетілдіру, облыста санитарлық авиациялық қызмет көрсетуді қалпына келтіру, соның ішінде шалғай аудандарының тұрғындарына (Мойынқұм, Сарысу, Талас, Қордай, Шу)	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бүйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres аралығында 2006 жылдың тоқсандаres аралығында 2007 жылдың 1-4 тоқсан аралығында
23	қалалық перзентханада жұқті әйелдер үшін қосымша 20 төсектік және жана туган сәбілерді екінші кезеңде күтімге алу үшін 20 төсектік бөлімшелер ашу	Облыс әкімиятына ақпарат	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 ж. - 2 тоқсан 2006 ж. - 2 тоқсан

			2005 жылдың тоқсандары артқы
24	Диагностика және емдеу үшін перзентханалар мен балалар ұйымдарын кезең-кезеңімен қазіргі үлгідегі медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету . Оларды автотранспортпен жабдықтау	Облыс әкімиятына ақпарат	Облыс Әкімінің денсаулық сактау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы

25	<p>Жаңа халықаралық емдеу хаттамаларын енгізу және жетілдіруді жүзеге асыру:</p> <p>акушерлік-гинекологиялық көмек көлемінің стандарттары проблемалары бойынша;</p> <p>жана тұғандарға алғашқы және реанимациялық көмек көрсету бойынша;</p> <p>неврологиялық патология және қымыл әрекеттерінің бұзылуы, сонын ішінде балалардың осал аурулары бойынша;</p> <p>туа біткен және жүре пайда болған жүрек-қан тамыр аурулары;</p> <p>күйік аурулары;</p> <p>эндокриндік патология</p>	<p>Облыс Әкімініңденсау- л ы қ с а к т а у басқармасының бүйрығы</p>	<p>2005 жылдың тоқсандары артқы 2006 жылдың тоқсандары артқы 2007 жылдың тоқсандары артқы</p>
26	<p>Балаларға сурдолого педиялық көмек көрсетуді жетілдіру:</p> <p>емханаларда кабинеттер үйымдастыру (балалар, клиникалық-диагностикалық үйымдарда); облыстың емдеу-алдын алу үйымдарының отоларингологиялық бөлімшелерінде төсек орындар ашу</p>	<p>Облыс Әкімініңденсау- л ы қ с а к т а у басқармасының бүйрығы</p>	<p>Облыс Әкімінің денсаулық сактау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы</p> <p>2006 жыл - 3-4 тоқсан</p>
27	<p>Облыстық перинаталдық орталықта жүкті әйелдер</p>	<p>Облыс Әкімініңденсау- л ы қ</p>	<p>2005 жыл -</p>

	патологиясы үшін косымша 40 төсек ашу	сақтау басқармасының бұйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2 тоқсан
28	Сарысу, Талас, Жуалы, Жамбыл, Байзак, Т.Рысқұлов, Мойынқұм және Меркі аудандарында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды қамтамасыз ету үшін тегін сұт кухняларын ашу	Сарысу, Талас, Жуалы, Жамбыл, Байзак, Т.Рысқұлов, Мойынқұм және Меркі аудандары әкімдерінің шешімдері	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жыл - 2 тоқсан - Сар аудандарында 2006 жыл - 2 тоқсан - М Меркі, Т.Рысқұлов аудандарында 2007 жыл - 2 тоқсан - Жамбыл және аудандарында
6. Жалпы білім беретін ұйымдарда балалар денсаулығын қорғау				
29	оқу процесі кезінде санитарлық-эпидемиологиялық басқармамен бірлесе отырып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау	Облыс Әкімің денсаулық сақтау басқармасының, облыс Әкімің білім басқармасының және облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бұйрықтары	Облыстың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
30	Мектеп жасына дейінгі және орта білім беру үйімдарында балаларды? ауруын азайту мақсатында физикалық және табиғи тәсілдерді енгізу. Мектептерде "валеология" пәнін оқытуды жетілдіру	Облыс Әкімің денсаулық сақтау басқармасының бұйрығы және облыс Әкімің білім басқармасының бұйрығы	Облыстың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
31	Жалпы білім беретін мектептерде міндетті түрде сабак кестесіне аптасына үшінші дene тәрбие сабагын енгізу	Облыс Әкімінің білім басқармасы бұйрықтары	Облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жыл - 3 тоқсан
32	Ауруханалар, санаторийлер және оңалту орталықтарындағы мектептердегі ауру балаларға тәрбие беру және оқыту үшін тиісті жағдайлар жасауға шаралар колдану	Облыс Әкімініңденсаулық сақтау басқармасының бұйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандары арасында 2006 жылдың тоқсандары арасында 2007 жылдың тоқсандары арасында
33	Жұқпалы туберкулез ауруына шалдықкан балаларды оқшау		Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың 1-4 тоқсасы аралығында - Жуалы аудандарында 2006 жылдың 1-4 тоқсасы аралығында -

	ұстау мақсатында санаторлық балалар үйін ашу	Байзак, Жуалы, Сарысу, Талас аудандары және Тараз қаласы әкімдерінің шешімі		Сарысу, аудандарында 2007 жылдың 1-4 тоқсанда аралығында - Тараз қаласын,
34	Облыстың жалпы білім беретін мектептеріндегі наркопостар жұмысының тиімділігін күштейту, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, темекі тартудың алдын алу жөнінде облыстың жалпы білім беретін мектептері мен колледждерінің оқушылары арасында жоспарланған іс-шараларының мұлтікіз орындалуын қамтамасыз ету	Облыс әкімиятына ақпарат	Облыстың, аудандар мен қала әкімияттары жаңындағы көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар, қалалық және аудандық білім басқармалары	2005 жылдан тоқсандары артқы 2006 жылдан тоқсандары артқы 2007 жылдан тоқсандары артқы
35	Жетім балаларды және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету	Тараз қаласының және аудан әкімдерінің шешімдері	Облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жыл - қан 2006 жыл - қан 2007 жыл - қан

7. Аналар мен балаларды санаторлық сауықтыру және оңалту, балалардың жазғы демалысын үйімдастыру

	Балаларға республикалық "Алатау" санаторийінде, республикалық "Балбұлак" оңалту орталығында мамандандырылған медициналық және сауықтыру көмектерін көрсету	Қазақстан Республикасы денсаулық салық сақтау министрлігінде жоспары бойынша	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдан тоқсандары артқы 2006 жылдан тоқсандары артқы 2007 жылдан тоқсандары артқы
37	Постгепатиттік санаторий негізінде сал, жүйке ауруларына шалдықкан балаларға мамандандырылған медициналық қызмет көрсету (50 төсек)	Облыс Әкімініңденсаулық сақтау басқармасының бүйрүгі	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2007 жыл - 1 тоқсан
38	Облыстық оңалту орталығында балалар мен жүкті әйелдерді емдеу мақсатында қосымша 20 төсек ашу	Облыс Әкімініңденсаулық сақтау басқармасының бүйрүгі	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2006 жыл - 3 тоқсан
39	Мұгедек балаларды, жетім балаларды, ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балаларды, жүкті әйелдерді облыстық "Ана мен бала" орталығында сауықтыру	Облыс Әкімініңденсаулық сақтау басқармасының тізіміне сәйкес	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдан тоқсандары артқы 2006 жылдан тоқсандары артқы 2007 жылдан тоқсандары артқы

40	Балалар мен аналарды облыстың емдеу-алдын алу үйімдарында сауықтыруда жана үлгідегі бағдарламалар мен технологиялар енгізу	Облыс Әкімініңденсау-л ы қ сақтау басқармасының бұйрығы	Облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres артқысы 2006 жылдың тоқсандаres артқысы 2007 жылдың тоқсандаres артқысы
----	--	---	--	---

8. Кәмелетке толмағандардың және әйелдердің әлеуметтік және құқықтық корғау

41	Төртінші баласын туған әйелдерге қосымша біржолғы жәрдемақы бөлінсін	Облыстық әкимияттың қаулысы	Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік корғау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres артқысы 2006 жылдың тоқсандаres артқысы 2007 жылдың тоқсандаres артқысы
42	Тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардан шыққандарынды балалардың 42 Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқуына материалдық көмек көрсету	Облыс Әкіміңденсау-л ы қ сақтау басқармасының бұйрығы және облыс Әкімің білім басқармасының бұйрығы	Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік корғау басқармасы, облыс Әкімінің қаржы басқармасы	2005 жыл - 3 тоқсан 2006 жыл - 3 тоқсан 2007 жыл - 3 тоқсан
43	Барлық селолық, поселкелік округтерде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөнінде комиссия құру	Облыс әкимиятының қаулысы және облыс Әкімің білім басқармасының бұйрығы	Облыс Әкімияты жаңындағы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия	2005 жыл - 2 тоқсан
44	Жалпы білім беретін мектеп оқушылары, ата-аналар қауымдастыры арасында " Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңын түсіндіру, жалпы құқықтың білім жөнінде жоспарлы әрі тиімді жұмыстар үйімдастыру	Кесте бойынша	Облыс Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі, облыс әкимияты жаңындағы кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия, облыс Әкімінің білім басқармасы	2005 жылдың тоқсандаres артқысы 2006 жылдың тоқсандаres артқысы 2007 жылдың тоқсандаres артқысы

**Ескеरту. 41 тармакқа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 8-20 шешімімен .**

Қабылданған қыскартулар:

**АҚТҚ/ЖҚТБ** - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы/ жүқтірілған қорғаныш тапшылығының белгісі